

**БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ  
ЗАҢДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК: ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ЗАҢНАМАЛАРЫН  
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ ТАЛДАУ**

**Оразалиева А.Ж.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

[asylorazaliyeva0303@gmail.com](mailto:asylorazaliyeva0303@gmail.com)

Ғылыми жетекшісі - Н.Д. Мырзатаев

Құқық бұзушылық – құқыққа, оның талаптарына қарсы бағытталған мінез-құлық. Адамдардың қандай да әрекеттері қоғамға қауіп тудырған немесе туындататын болса, ондай әрекеттілік немесе әрекетсіздік құқық бұзушылық деп бағаланады. Адамның әрекеті қоғамға қауіпті болмаса, онда мұндай әрекеттілік немесе әрекетсіздік құқық бұзушылықтарына жатқызылмайды. Құқық бұзушылық дегеніміз, адамның қоғамға, мемлекетке немесе жеке тұлғаға зиян келтіретін, соны заң алдындағы жауаптылыққа апаратын құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі. Құқық бұзушылықтың белгілері: қоғамға зияндылығы, қауіптілігі - құқық бұзушылықтың негізгі объективтік нышаны, айырымдық белгісі және оның заңнан құқыққа қайшы болу шегін ажыратуға негіз болатын объективтік тұғыры. Құқық бұзушылықтың қоғамға келтіретін зияны мен оның қауіптілігі қоғамға маңызды құндылықтармен оның тіршілік ету жағдайларына қол сұғулардан тұрады; құқыққа қайшы келушілік - әрекеттің немесе әрекетсіздіктің қоғамға қауіптілігін, зияндылығын заң атауы арқылы білдірілуі. Құқық бұзушылықтар әлеуметтік қауіптілігіне байланысты және зиян келтіру дәрежелеріне қарай қылмыстар және теріс қылықтар деп жіктеледі.

Жоғары да тоқталғандай, құқық бұзушылық пен заң жауапкершілікке сипаттама беріп кеттік. Ал енді «Шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамасындағы меншік ұғымын салыстырмалы түрде талдау» жөніне тоқталатын болсақ, талдау жүйесі қазіргі нарықтық қоғамда жағдай күрт өзгерген болатын. Басқа мемлекеттердің де қылмыстық құқығында бұл мәселені шешуге қатысты ортақ пікір жоқ. Испанияның ҚК-тің 268-бабының 1-бөлігіне сәйкес, заң бойынша іс жүзінде немесе ерлі зайыптылардың бөлек тұруы, ажырасуы немесе некенің заңсыз екендігі туралы сот процесінің нәтижесінде ажыраспаған ерлі-зайыптылар, сондай-ақ өрлеме және төменгі туыстар, жақын туысқандар, туған немесе асыранды ағайындар, бірінші буындағы туыстар күштеу немесе қорқыту әрекеттерін қолданбай өзара жасаған мүліктік қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатылады және тек қана азаматтық-құқықтық жауапкершілік субъектілері болып табылады. Бұл ереже қылмыс жасауға қатысқан бөтен адамдарға қатысты қолданылмайды.

Бұл ұстанымды ҚР заңнамасының стандартымен теңестірсек, онда ол отбасылық жағдайына қарамастан, заң мен сот алдында барлығы тең деп айтылған азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдік принципіне қарама-қайшы болады. Францияның қылмыстық заңнамасында да қарастырылып жатқан мәселенің шешімі ұқсас. Мысалы, Франция ҚК 311-12 б. сәйкес, қандай да бір тұлғаның өзінің өрлеме немесе төменгі буын туысқандарына, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың соттың үкімі немесе рұқсат бойынша бөлек тұрған жағдайларды қоспағанда, жұбайына зиян келтіретін ұрлық жасауы қылмыстық қудалауға негіз бола алмайды. Ағылшын заңнамасы бойынша, ерлі-зайыптылардың біреуінің екіншісіне қастандық жасауы «олар ерлі-зайыпты болмаған жағдайда да қолданатын» қылмыс ретінде жазаланады. Голландия ҚК-нің 316 бабы бойынша, ұрлаған және тонаған адам немесе оған қатысушы қылмыс қарсы жасалған адамның жұбайы болып табылса және ол жұбайы немесе меншіктен сот тәртібімен алшақтамаған болса қылмыстық қудалау тоқтатылады. Германия, Швейцария, Польшаның қылмыстық заңдары қарастырылып жатқан қастандықтар үшін ерекше тәртіппен қылмыстық жауапкершілікті қолдану үлгісін ұстанады. Мысалы, Германияның ҚК «Отбасыдан ұрлау» деп аталады және былай белгіленген: «Егер ұрлық өз туысынан немесе асыраушысынан я болмаса айыптымен бірге тұратын адамнан жасалған

болса, бұл іс-әрекет жәбірленушінің шағымы бойынша ғана қылмыстық тәртіппен қудаланады». Бұл ереже отбасыда жасалған алаяқтық, алдап-арбау арқылы пайда табу, сенімді қылмыстық мақсатпен теріс пайдалану сияқты қылмыстарға қолданылады. ФРГ ҚК бойынша күштеу арқылы ұрлық және күштеп алу үшін айыптылар жәбірленушінің шағымының бар-жоғына қарамастан заңмен қудаланады. Швейцария ҚК 137-139, 143, 146 және 147 баптарына сәйкес, туысына немесе отбасы мүшесіне зиян келтірген заңсыз иелену, ысырап қылу, ұрлық, мәліметтерді заңсыз алу, алаяқтық және деректерді өңдеуге арналған құрылғысы бар алаяқтық қиянат етушілік тек жәбірленушінің шағымы бойынша ғана қудаланады. Польшаның қылмыстық заңнамасында аталған проблеманы шешуде дәл осындай тәсіл қолданылады. Егер ұрлық, иелену, алдап-арбау ең жақын адамға зиян келтірген болса, онда қудалау жәбірленушінің арызы бойынша қозғалады (Польша Республикасы ҚК). Күштеу ұрлықтары үшін жауапкершілік аталған заң бойынша жалпы негіздермен жүктеледі. Швеция ҚК бойынша, зайыбына немесе күйеуіне, жоғарғы және төменгі буын қандас туысына, неке жағынан туысына, туған бауырына, күйеу баласына немесе келініне немесе айыптының кез келген осыған ұқсас туысқанына қатысты мүлік ұрлау, алаяқтық және басқа да арам әрекет, бөтен мүлікті иелену және сенімді теріс пайдаланудың басқа да жағдайларында қылмыстық іс жәбірленуші тарапынан қылмыстық қудалау мақсатымен қылмыс туралы хабарлама келіп түскен, талап еткен немесе қылмыстық қудалау қоғам мүдделерін қорғау үшін қажет болған жағдайда қозғалады.

Қазіргі ҚР қылмыстық заңы «отбасылық бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсулер» ұғымын қарастырмаған. ТМД елдеріне арналған 1996 ж. 25 ақпанындағы Модельдік Қылмыстық кодекстің 244-бабының ескертпесінде отбасы мүшелерінің және айыптының басқа да жақын туыстарының меншігі болып табылатын мүлікке қатысты ұрлық, иелену, ысырап ету немесе алаяқтық жасалған кезде қылмыстық қудалауды жәбірленушінің арызы бойынша жүзеге асыру ұсынылған. Сол сияқты ҚР қылмыстық-іс жүргізу заңнамасы да отбасы мүшелерін мүліктік қастандық үшін қылмыстық жауапкершілікке тартудың ерекше тәртібін қарастырмаған. ҚР 2001 жылғы ҚІЖК 20-бабы қылмыстық қудалауы жеке немесе жеке-жария түрде жүзеге асырылатын қылмыстарға жатқызбайды. Бұл мәселе ерекше реттеу тәртібін қарастырады, себебі отбасындағы қарым-қатынастар жеке-сенімді сипатта болады, өзгеше жақындықпен ерекшеленеді, аса сырлас қатынаста болады. Қазіргі уақытта отбасы мүшелерінің арасындағы мүліктік қатынастар отбасылық және азаматтық заңнамамен реттеледі. Бұл жағдайда отбасындағы мүліктік қатынастардың екі мүліктік режимі болады: 1) жалпы мүлік режимі (жалпы бірлескен және жалпы үлестік меншік). 2) бөлек мүлік режимі. Жалпы режим деп мүлікті тек өзара келісім арқылы иеленуді және пайдалануды айтады. Отбасындағы мүлікті ерлі-зайыптылардың қайсысы мүлікті билік ету мәмілесін жасағанына қарамастан, олар өзара келісу арқылы жұмсайды (ҚР Неке және отбасы заңы). Бөлек режим өзара келісуді талап етпейді және отбасының әрбір мүшесі өзіне ғана тиесілі мүлікті өз бетінше иеленуге, пайдалануға және билік етуге құқылы екендігін білдіреді.

Біздің пікірімізше, отбасы мүшелерінің бірінің тарапынан заңсыз иелену заты болуы мүмкін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін қылмыстық жауапкершілік туралы мәселелерді шешу кезінде «бөтен» деп тапқан жөн. Өзімізге мәлім болғандай, меншік құқығы – бұл тұлғаның өз бетінше, өз қалауы бойынша өзіне тиесілі мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқығы болып табылады. Бұл тұжырымдама ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне жатпайды, себебі ерлі-зайыптылардың біреуінің өз бетінше, яғни екіншісінің келісімісіз және тек өз еркі бойынша ортақ мүлікке қатысты барлық құзіреттіліктерді жүзеге асыруға құқығы жоқ. Бәлкім, аталған жағдайда ерлі-зайыптылардың бірінің екіншісіне сеніп тапсырылған мүлкі туралы сөз қозғауға болатын шығар. Сондықтан ерлі-зайыптылардың бірінің ортақ мүлікті екіншісінің рұқсатынсыз алуы және билік етуі қылмыстық құқықпен қорғалып, иелену немесе ысырап ету деп бағалану керек. Бұл жағдайда сеніп тапсырылған мүлік ұғымын анықтаған кезде ескеру қажет. Біздің пікірімізше, ерлі-зайыптылардың мүлік ұрлауы ерлі-зайыптылардың бірінің екіншісінің еркіне қарсы бөлек немесе ортақ меншіктерін тек қана айыптының мүдделерін қанағаттандыру мақсатымен бөліп алуын білдіреді. Егер мұндай

билік ету белгілі бір ортақ қажеттіліктерді орындауға бағытталған болса, онда бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу белгілері жоқ деген сөз.

Құқық бұзушылық заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Ол адамдардың іс-әрекеті, қылығы, мінезі немесе әрекетсіздігімен сипатталады. Ал енді, Ұлыбритания мен Қазақстандағы білім беру жүйесі мен жүріс тұрысына салыстыруға тоқталатын болсам, зерттеудің мазмұны. Менің алып отырған жұмысым тарихы мол, әлі де өз статусын жоғалтпаған, Тұманды Альбионда орналасқан кәрі құрлық өкілі Ұлыбритания Біріккен Корольдігі мен аз да болса, көптеген жемісті нәтижелерге қол жеткізген дамушы Қазақстанның білім беру деңгейін салыстыруға арнадым. Әрине, егемендігін алғанына енді ғана 29 жыл болған Қазақстанның білім беру жүйесін тәжірибесі мол Ұлыбританияның білім беру жүйесімен салыстыру жөніне қарастыратын болсам, дегенменде, менің пікірімше, жас дамушы ел болғандықтан, дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін басқа елмен салыстыра отырып, өзіміздің реформамызды жаңартып, жаңғыртқанның еш зияны жоқ. «Үйрен де, жирен» демекші өзімізге, экономикамыз бен әлеуметімізге, қоғамымызға сай бірнеше пайдалы жақтарын қарастырсақ артық болмас.

Білім беру деңгейі дегеніміз не? Білім беру деңгейі – экономикалық және ғылыми – техникалық прогрестің бастау көзі, мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім беру саласында кенжелеп қалу елдің қабілеттілігіне, ұлт болашағына және мемлекеттің қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Олай болса, білім мемлекеттің даму жолының көрсеткіші, себебі білім мемлекеттің ұстанған даму жолына не шек қояды, не жаңа бағытын анықтайды. Сондықтан да, менің алып отқан жұмысым тек білім беру жүйесін ғана зерделеп қана қоймай, 21 ғасыр идеялар мен инновациялық технологиялардың бәсекелестігіне айналған ғасырда Қазақстан мен Ұлыбританияның алып отырған орнын анықтау. Әйтсе де екі мемлекеттің білім беру деңгейлерінің ара салмағы жермен көктей. Ұлыбритания ғылым және білім беру саласында әлемнің жетекші елдерінің бірі болып саналады. 2013 жылғы Times Higher Education рейтингі бойынша ең жоғары дәрежелі 100 университеттерінің ішінде Ұлыбританияның тоғыз өкілі кірді, бұл университеттер саны бойынша көрсеткіш Ұлыбританияны АҚШ-тан кейінгі екінші орынға жеткізді. Міне осындай тәжірибесі мол елмен еліміздің білім беру жүйесін салыстыра отырып, еліміздің Білім беру заңына толықтырулар мен жаңа реформалар енгізу артық етпес.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында ХХІ ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетінін ескертіп, еліміздің білім жүйесін дамытуға бағытталған іс-шараларды белгіледі. Еліміздің білім жүйесінің даму үрдісін дүние жүзінің өркениетті елдерінің білім жүйелерімен салыстыра қарасақ, оны Елбасы жүктеген міндеттер биігіне жеткізу үшін қыруар шаруа атқару керектегі айқындала түседі. Яғни Қазақстан мен Ұлыбританияның білім беру жүйесіне салыстырмалы талдау арқылы дамыған елдегі білім беру жүйелеріндегі үздік жетістіктерін зерттеп, зерделеумен оңды жақтарын өз қызметімізде пайдалану. Мұндай тәсілді қолдану еліміздегі педагогикалық жұмысты жетілдіру жолдарын іздестірудің маңызды және өнімді бағыттарының қызметін атқарады. Англия- мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеп, оқытуда өте тәжірибелі ел. Бұл елде мектепке дейінгі білім беру 3-5 жасқа дейінгі балаларға тегін түрде жүргізіледі және жеке меншік Nursery School мекемелерде жұмыс істейді. Қазіргі таңда Англияда 3-5 жас аралығындағы балалардың бәрі дерлік тегін мектепке дейінгі білім алуға. Ол мемлекеттің 1992 жылы қабылдаған арнайы бағдарламасының нәтижесі. Ол бағдарламаларға сай әрбір 3 жастағы бүлдіршін аптасына 12,5 сағат, жылына 38 апта тегін білім алуына құқығы бар. Тағы да айта кетерлігі мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларды нөлдік сыныптарға және мектепке дайындайды. Англияның мектепке дейінгі білім беру мекемелері негізінен 70-80 балаға арналған және 1 тәрбиелеушіге 13 баладан тиеді.

Олар балаларды 2 айдан бастап қабылдайды және 2 жастан бастап та қабылдайды, 2 айлық баланың ай сайынғы төлемі өте жоғары болады.

5 жасқа дейінгі балаларға білім берудің сапасы мекеме үлгісіне сәйкес болады. Балалар бақшалары мен мектепке дейінгі сыныптарда тәрбиеленетін балалар мектептердің бастауыш

сыныптарындағы балалардан гөрі неғұрлым жан-жақты дамиды. Бұл балалар қызметін жақсы жоспарлап және ұйымдастыруға сондай-ақ жас жағынан ала-құлалықтың жоқтығына, балалар мен ересектер санының үздік арақатынасына, балалардың жас ерекшеліктеріне сай келетін материалдық жағынан жақсы қамтамасыз етілеуге, 3-5 жасар балалармен табысты жұмыс істейтін тәжірибелі педагогтардың болуына байланысты.

Мектепке дейінгі барлық мекемелер денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау министрлігіне, сондай-ақ Білім және ғылым министрлігіне қарайды. Олар бір-бірінен тәрбиелік жұмыстың мазмұнымен, формалары және әдістерімен, күн режимімен, материалдық базасымен, персонал саны мен біліктілігіне қойылатын талаптарымен ерекшеленеді. Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілерін дайындау оқу мерзімі 3-4 жыл болатын педагогикалық колледждерде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі ерекшелігі: әр бала жеке индивид, өз пікірі мен өз ойын анық айта алады. Бала міндеті жақсы қорғалады. Ата – ана баланың жағдайына тікелей назарда болады. Өтілетін пәндердің барлығы логикалық дамытуға бағытталады.

Балабақшадан соң мектепке дейінгі міндетті емес білім алуға қызығушылық артуда. Мұнда күзгі оқу кезеңінде 6 жасқа толған балалар мектепке дейінгі кіріспе білім ала алады, мақсаты әр баланың дамуы мен білім алуын ынталандыру. Қазақстанның мектепке дейінгі білім беру жүйесіне тоқталатын болсам, Қазақстанның мектепке дейінгі тәрбие беру жүйесі әртүрлі типті, түрлі және деңгейлі білім беру ұйымдарынан тұрады: мектепке дейінгі ұйымдар; жалпы білім беру мектептеріндегі мектеп алды сыныптары; жоғары оқу орындары және орта кәсіптік білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі білім беру факультеттері және бөлімдері. Мектеп жағдайында 5-6 жастағы балаларға мектепке дейінгі дайындыққа арналған жалпы білім беру бағдарламасы, Балабақшада 5-7 жастағы балалардың мектепке дейінгі дайындық бағдарламасы. Осы бағдарламаларға 19 оқу-әдістемелік кешендер әзірленген, оған 82 оқу басылымдары кіреді. Сонымен қатар, баланың қолын жазуға үйрету дайындығы бойынша мұғалімдерге арналған, кәдімгі математикалық білімдерді ұластыру, балаларды қоршаған ортамен таныстыру бойынша әдістемелік кеңестер, балалар көркем әдебиеті бойынша хрестоматия, сондай-ақ балаларға арналған әліппе-дәптерлер және т.б бар.

Бүгінгі күні көптеген шет елдердің конституциясында білім алу құқығымен қатар өзінің азаматтарына басқа да құқықтарды яғни рухани өміріндегі еркіндікті ұсынады: әдеби, көркем, ғылыми және техникалық шығармашылыққа бостандық (Испания Конституциясы 1978 ж. 20 бабы.); ғылым және өнерге, зерттеушілік және оқытуға бостандық (Германия Конституциясы 1949 ж. 5 бабы.); мәдениетке ... ересектер мен балалардың тең қолжетімдігі (1958 ж. Франция Конституциясының Преамбуласы); ғылыми қызметтегі еркіндік, дені сау және мәдени өмірін қолдау (23,25 бап Жапония Конституциясы 1947 ж.); мәдени өмірге араласу және мәдени құндылықтарға, қолжетімді мәдени мекемелерді қолдану (44 бап Ресей Федерациясы Конституциясы 1993 ж.), т.с.

Сондай - ақ ұмытпауымыз керек, осы шет елдердің конституциялық даму тәжірибесі 1995 ж. қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы мәтініне енгізу катализаторы болып табылды, азаматтардың және негізгі адам құқықтарының қатарын, туған тілі мен мәдениетін қолдану құқығын, сөйлесу тілін таңдау құқығына, тәрбие, оқыту, және шығармашылық (2 б 19 бап, 20 бап), сондай - ақ тарихи және мәдени мұраны сақтау үшін қамқорлық жасау міндеттері (37 бап), білім беру және тәрбиелеу жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады.

Шет елдердің конституциялық нормасымен салыстырсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясы әлеуметтік-мәдени саладағы көптеген мынандай мәселелерді назардан тыс қалдырды, өнер, ғылыми, зерттеушілік, оқыту бостандығы; мамандық таңдау мен оқу орнын таңдау еркіндігі; ата-аналардың еркіндігі; мемлекеттік мектептердің мәртебесі; білім алу үшін жасалатын көмек пен қолдау көрсету; ғылыми зерттеулерді қолдау; мектептен тыс кәсіптік білім алу бөлімін реттеу; студенттерді қорғау; өскелен ұрпақ ғалымдарын қолдау; университеттен тыс зерттеу жұмыстарын және технологиялық даму және т. б қолдау.

Халықаралық-құқықтық нормалар төмендегілерді бекітеді және құқық береді: еркін қоғам өміріне тиімді қатысу үшін мүмкіндіктер жасау, адамның жеке және оның қадір-қасиетін, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, білім беру үшін қажеттіліктерді толық дамыту, этникалық және діни топтар, барлық халықтардың арасында түсіністік, төзімділік пен достыққа ықпал жасау.

Осылайша, білім алу құқығы әлеуметтік- экономикалық, мәдени құқықтарға және бір уақытта жеке тұлға құқығына, ақпараттандыру және ғылыми- техникалық революция дәуірінде адамдардың санасында жаңа өзгерістерді тапқан, гуманитарлық құқыққа енгізілуі мүмкін. Бұл құқық саяси сипатқа ие бола алады (есімізге түсірейік Қазақстандағы тоталитарлық тәртіп шарты бойынша шығармашылығы үшін мәдениет қайраткерлерін қуғындау). Осындай мысалдар бұрынғы КСРО-да өте көп.

Өздеріңіз білетіндей, білім алу құқығы конституцияларда жеке және саяси құқықтардан әлдеқайда кешіктіріліп бекітілді және социалистік теория мен тәжірибенің әсерінен қалыптасты. Бірінші рет қоғамның барлық мүшелері үшін білім алу құқығының талаптары және мемлекеттік биліктің заңамалық тәртіппен бекітілуі "капиталистік езгіден босатылуы үшін пролетариатпен күрестің керекті шарты" Ф. Энгельс және К. Маркс пен дәлелденді. 1845 жылы білім алу құқығы Эльберфельданың коммунистер одағы негізгі қағидаттарының құрамында жарияланып, өзінің жарғысына "Все люди в равной мере имеют права на образование и должны пользоваться плодами науки" деп жазған. Бұл адам құқығының екінші буынның басы болды.

Екінші буынның кең ауқымды құқығы 1936 жылы КСРО Конституциясымен бекітілді, соған қарамастан білім алу құқығы бағдарлама ретінде 1918 жылы РСФСР Конституциясында жарияланған болатын. Алайда КСРО да азаматтардың әлеуметтік қорғалуы төмен деңгейде болса да ол қалыпты өмір сүрді және де екінші буын құқықтарының қалыптасу идеясына, әлемдік қоғамдық санаға әсер етті.

Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы Конвенция экономикалық, нәсіліне, терісінің түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де нанымына, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне негізделген кез келген айырмашылық, ерекшелік, шектеу немесе басымдық жоқ, білім беру саласындағы әркім тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Әлемдік елдердің негізгі заңдарында (конституцияларда) білім алу құқығының мазмұнына салыстырмалы талдау жүргізу, конституциялық заңнамада осы құқықты алғашқы шоғырландыру сәтінен бастап оның тізбесі үнемі толықтырылып, кеңейтілетінін ескеру қажет. Бұл, атап айтқанда, осындай нормаларды қамтитын халықаралық адам құқықтары туралы келісімдер қабылдағаннан кейін байқалды. Кейбір Батыс елдерінде және АҚШ-та бұл новелланы конституцияны қабылдау кезінде ескеруге үлгермегенімен, бірақ көптеген заманауи, соның ішінде посткеңестік конституциялар адамның құқықтарын құрметтеудің қосымша кепілі ретінде қызмет ететін осындай ережелерді бекітті. Бүгінде әлемнің көптеген елдерінің конституциялары негізгі жалпы ережелерден басқа қосымша "әлеуметтік" ережелерді қарастырады. Мысалы, Греция Конституциясының 16-бабы, 1975 ж. айтады: "Мемлекет әртүрлі адамдарға көмектеседі, сондай- ақ көмекке мұқтаж немесе студенттерге өздерінің қабілеттеріне сәйкес арнайы қорғаныс қажет". Ирландия Конституциясының 42-бабы, 1937 ж. қарастырады: "Айрықша жағдайларда, физикалық немесе моральдық себептермен ата-аналар балаларға қатысты өз міндеттерін орындай алмаған жағдайда, мемлекет ортақ игіліктің тиісті кепілі ретінде ата-анасының орнын басуға ұмтылады, бірақ әрқашан баланың табиғи және бұлжымас құқықтарын ескеру керек". Мұндай мазмұн Португалияның Конституциясының 70-бабында 1976 жылы айтылған: "Жастар, әсіресе жұмыс істейтін адамдар, экономикалық, әлеуметтік құқықтар мен мәдени құқықтарды, атап айтқанда: білім беру, кәсіптік білім беру және мәдениет саласында ерекше қорғауды пайдаланады".

Негізінде, әрбір құқық ерекше нақты (жеке) тәртіпті жүзеге асыру, құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету (қорғау), оларды жүзеге асыру мазмұны сәйкес келмейтін

фактісі негізделеді, ол, жалпы білім беру құқығын конституциялық кепілдіктерді жіктеуді тиісті азаматтардың барлық негізгі құқықтары ортақ және арнайы болып табылады ол осы құқықты қамтамасыз ету үшін ғана қолданылады.

Бір сөзбен айтқанда, азаматтардың салалық заңнамамен білім алуға конституциялық құқығын әзірлеу және нақтылау олардың кепілдіктерін қамтамасыз етудегі, олардың шындыққа жетуінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Мысалы, арнайы салалық кепілдіктердің саны "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 3 бабында - Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар болып табылады: 1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; 2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы; 3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі; 4) білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы; 5) адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу; 6) жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту; 7) білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; 8) оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі; 9) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы; 10) білім беру ұйымдарының меншік нысандары, оқыту мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы. Осы баптарда айтылған ерекше кепілдіктер Қазақстан Республикасының Конституциясының 30-бабында бекітілген жалпы қағидаттардың орындалуын қамтамасыз етуге, тұтастай алғанда білім беруді дәйекті жақсартуға және дамытуға бағытталған.

Жоғарыда келтірілген жіктеудің маңыздылығы туралы айтатын болсақ, білім алу құқығын жүзеге асырудың күнделікті тәжірибесінде оларды ажырату қиын. Бұл жалпы және арнайы кепілдіктер үнемі бір- бірін толықтырады және олардың арасындағыларға байланысты. Азаматтар, сондай-ақ, әдетте, осы құқықты қарым-қатынасты реттейтін ережелерде белгіленген білім алу құқығын, мазмұны енгізілген өкілеттіктерді бөліп сәйкес нақты нысандарын, білім беру құқығын жүзеге асырады. Бұл өкілеттіктер мен оларды жүзеге асыру кепілдігі біздің жұмысымыздың әрі қарайғы құрылымын анықтайды. Әрі қарай, ол азаматтардың білім алу құқығы мазмұнының зерттеу негізгі элементтерін әзірлеу қолайлы болып табылады.

Білім алу құқығы адам құқығының іргелі және негізгі құқықтарының бірі. Ол мынадай маңызды халықаралық - құқықтық актілерде бекітіледі. Атап айтсақ, 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (26 бап), 1966 жылы 16 желтоқсанда қабылдаған Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті (13, 14 баптар), 1989 ж. 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы Конвенция (28, 29 баптар), Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық Ковенция 4 қараша 1950 ж. (20 наурыз 1952 ж. № 1 Хаттама 2 бап.), Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция 14 желтоқсан 1960 ж., 1995 ж. 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (30 бап).

"Білім алу құқығы" түсінігіне нақты берілген анықтама жоқ. Отандық заң әдебиеттерінде көрсетілген нақты біркелкі терминологиялық түсіндірменің болмауын тиек етуге болады. Осыған сәйкес, оның анықтамасына көптеген көзқарастар танылған. Айта кетсек, мысалы Ноздрачев А.Ф. білім алуға деген түсінікті былай көрсетеді, "право человека на получение определенной суммы знаний, культурных навыков, профессиональной ориентации, необходимых для нормальной жизнедеятельности в условиях современного общества". Ал В.И. Шкатулла білім алу құқығына кеңірек түсінік береді, "основное и естественное право, имеющее своей целью удовлетворение потребностей человека в информации и непосредственно в самом образовании". Е.Д. Волохова білім алу құқығын білімге деген бостандық дей отыра, "в соответствии с убеждениями родителей, собственными желаниями и возможностями" қорытынды жасайды.

Д. А. Ягофаровтың көзқарасы бойынша, білім алу құқығы - бұл құқықтар мен міндеттердің жиынтығы. Басқаша айтқанда, білім алуға деген құқық тек құқық ғана емес, міндет алу деп түсіндіреді. Т.В. Грачевтің ойынша, "білім алу құқығы" адамның субъективті, қол сұғылмайтын құқығы дейді. Себебі ол мемлекетпен және халықаралық қауымдастықта кепілдендірілген нақты әрекет ететін барлық қоғамның мүддесін, жекенің мүддесін, өзінің мәдени деңгейін жоғарылату мақсатындағы білімдері. Бұл берілген түсінік біздің көзқарасымыз бойынша дұрыс және әділ. Адамның білім алуға деген құқығын мәдени құқық ретінде қарастыру және сол топтамаға жіктеу заманауи қоғамның талабы бойынша білімге деген құштарлық, адамның мәдени сипатымен тығыз байланысады. Сондықтан да адамның білім алу құқығы дегеніміз - рухани, мәдени, шығармашылық және материалдық құндылықтарды сақтауға, жетілдіруге, адамзаттың маңызды тәжірибесін игеруге бағытталған тұлғаның өзін дамыту және даму үрдерісі.

Қорытындылай келе, қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни, келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Дегенмен, керісінше қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да аз болмаған. Осыдан келіп – құқық бұзушылық орын ала бастады. Құқық бұзушылық – қоғам өміріне тән дерт. Адам баласы өмір сүрген ортада ол да әрқашан орын алады. Бұл объективтік құбылыс.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Матюшева Т.Н. Право на образование - конституционно защищаемая духовная ценность // Современное право. - 2008. - № 12. - С. 33-38.
2. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті- Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000087>
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. - Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
4. Беккер Д.А. Реализация права граждан на образование в Республике Казахстан // Universum: Экономика и юриспруденция: электрон. научн. журн. 2016. № 1(34). - С. 42-48.
5. Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 449-V ҚрЗ - Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000449>
6. Курыцина Е.В. Конституционное право на образование в российской федерации: понятие и содержание // Наука. Общество. Государство. - 2014. - №1. - С. 190-200
7. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. - Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
8. Шкатулла В. И. Право на образование // Государство и право. - 1997. - № 7. - С. 5-13.
9. Волохова Е.Д. Законодательное обеспечение права на образование в Российской Федерации. - М.: Готика, 2004. - 240 с.
10. Ягофаров Д.А. Образовательное право: опыт теоретического осмысления // Образование и наука. - 2000. - № 4. - С. 54-61.
11. Грачева Т.В. Реализация конституционного права человека и гражданина Российской Федерации на образование: на примере города Москвы: Автореф. дис. канд. юрид. наук. - М., 2004. - 24 с.
12. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы- Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>